

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XVIII Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**PROCEEDINGS
of the XVIII International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2023»**

**2023
Астана**

УДК 001+37
ББК 72+74
G99

**«GYLYM JÁNE BILIM – 2023» студенттер мен жас ғалымдардың
XVIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XVIII
Международная научная конференция студентов и молодых
ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2023» = The XVIII International
Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE
BILIM – 2023». – Астана: – 6865 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.**

ISBN 978-601-337-871-8

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001+37
ББК 72+74

ISBN 978-601-337-871-8

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2023**

ханов. - М., 1966

7. Юлай Шамилоглу. Направление в исследовании Золотой Орды //Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. -2001.-428с. (С.15-29)

8. Амин Аль-Холи связи между Нилом и Волгой в XIII-XIV вв. Сокр пер с ар. Изд-во Восточной литературы М.: 1962. 40 с.

9. Полное собрание русских летописей. Т. 12. Летописный сборник, именуемый Патриаршей или Никоновской летописью. СПб., 1901. 266 с.

10. М.А.Усманов. Состояние и перспективы источниковедения истории Улуса Джучи. С.3-10. // Источниковедение истории Улуса Джучи (Золотой Орды). От Калки до Астрахани. 1223-1556. – Казань, 2001. -428 с.

ӘОЖ 93/94

ТАРИХТАҒЫ ҚҰНАНБАЙ МЕН КЕНЕСАРЫ БАЙЛАНЫСЫ. (тарихи персоналистика тұрғысындағы тұлғаларды зерттеу бағытындағы талдау)

Мұқатай А.Е.

muqatai.aruzhan.3@gmail.com

Кенжебекқызы Р.

aqnarkenje@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ-нің Тарих факультетінің студенттері
Ғылыми жетекші: Жылқыбаев К.Д. - гуманитар ғылымдарының магистрі

Қазақ халқы мен қазіргі ғалымдардың арасында әлі шешілмеген дау бар. Құнанбай мен Кенесары расымен жау болды ма? Осы мәселе көптеген тарихшы, жазушылардың кітаптарында қаралған. Мысалы, Адольф Янушкевич «Күнделіктер мен хаттар» атты жазбаларында Құнанбайды рухани дамыған, көсем мен билеушінің қасиеттері бар ақылы толған адам ретінде сипаттады. Ал, М.Әуезов Құнанбайға о жар, қатігез, қара түнек керітартпалықтың өкілі деп жағымсыз мінездеме бергені де кездесіп жатады. Бірақ, А.Янушкевич жазбаларында жазылған Құнанбайдың жеке басын сипаттауына біздің күдіктеніуімізге негіз жоқ. Себебі, Янушкевич Құнанбаймен Аягөзде 1846 жыл 10 маусымнан бастап танысып, Ақбастауға жеткенге дейін күн сайын араласып жүрді. Сондықтан, оның ойларын шындық ретінде санауға болады.

Адольф Янушкевичтің «Күнделіктер мен хаттар» жазбасында Кенесары туралы пікірлерді үнемі назарында ұстап, астарлап жеткізуі және қазақ ұлтының өр рухына таңғалып: «...Сонда бұлар тағы жабайы, болғаны ма? Бүкіл болашақтан мақұрым қалған, маңдайына түкке тұрғысыз бақташы болудан басқа ештеңе жазылмаған халық осы болғаны ма? Жо-жоқ! Имандай сырым! Тәңірім бойынша осыншама қабілет дарытқан халық цивилизацияға жат болып қалуы мүмкін емес, оның рухы қазақ даласына аспандай көтеріліп, жарқырап сәуле шашатын болады!» [1, 301 б.], - деп келешегіне үміт арта, ұран тастай сөйлеуі соны аңғартады. Адольф Янушкевичтің Кенесары тұлғасына қайран қалғаны соншалық, оны XIX ғасырдың 80-ші жылдарындағы Алжир халқының Француз отаршылдарына қарсы күресінің көсемі, атақты Абд Эль Кадермен теңестіреді [2, б. 13]. Яғни, Янушкевич Кенесарыға деген адал ойы болуын, оған деген қарсылығын болмағанын осыдан біле аламыз. Қалай болғанда да, Адольф Янушкевич жай адам болған жоқ. Ондай жағдайда Ресей үкіметі оны 25 жылға Отанынан айырмаушы еді.

Ж.Қасымбаевтың «Кенесары хан» атты кітабында «Кенесарының ашық жауларының бірі - Құнанбай Өскенбаев» деп айтылған [2, 43 б.]. Құнанбайдың Кенесары көтерілісіне қарсы қазақ феодалдарының күресінде патша үкіметінің сойылын соққан қазақ даласындағы белгілі шынжыр балақ, шұбар төс шонжар екенін жазған. Кенесарыға деген сенімсіздік аға сұлтанды тағайындаған жерден біраз болсын көреміз. Құнанбай Шыңғыс ханның ұрпағы төрелерді аға сұлтан қылып сайлау кезінде былай деп айтқан: «Біз орыс патшасына қарадық. Бұрынғы

хандық дәуірі қалды. Енді қазақтан аға сұлтан сайланатын болатын адам болуы керек. Меніңше, енді мынау төре тұқымы, хан тұқымы еді деп сайлай салудың керегі жоқ, халық қамын ойлайтын, адал адамды аға сұлтан сайлау керек» [1, 96 б.] «...Қазақ баласы төреден не көрдіңдер. Балаларыңды оқытып, көздеріңді ашты ма? Адалыңнан арамыңды айырып, әділ билік қылды ма? Берекеңді сұрап, біріктіріп, басыңды қосты ма? Басыңды біріктірмей бірінді-біріңе салып, араларына от жағып, берекеңді кетіріп, екі бөліп, партия араздық, күндестікті еткеннен басқа не істеді...» [1, 97 б.] Неге Құнанбай олай айтты? Шынымен де, Құнанбайдың бұл сөзін Кенесарының ісімен байланыстырсақ болады. Ол көтеріліс үшін халықты жинап, қосылмаған ауылды ойрандап, адамдарды күшпен соңынан ертетін болған. Көтеріліске қосылған жұрттан да, қосылмаған жұрттан да зекет салығын алған. Бұл өз халқын өзі қырған ханға Құнанбай мен оған қарсы шыққандардың ісі дұрыс емес болды деудің өзі қате болып саналады.

Бірақ, Кенесары көтерілісіне қатысы туралы М.Әуезов «...Құнанбайдың бұдан соңғы ел есінде қалған бір ісі – орыс ұлығының бұйрығы бойынша Кенесарыны қуғандығы. Тегі Кенесарының Ұлытау, Кішіт аудан көшіп, Ұлы жүзді бетке алып бара жатқан кезі, яки, Балқаштың Қамал деген түбегіне қарай көшіп бара жатқан кездері бар ма, әйтеуір сол жүрісінің бірінде үкіметтің бұйрығы бойынша, Құнанбай старшын күнінде Кенесарының көшіне жетіпті. Көшінің жанында Кенесарының өзі де болса керек. Олар бір топ кісі болып жиналып, бір араға келгенде Кенесары атынан түсіп намаз оқыпты. Сонда орыс бастықтары шабайық дегенде Құнанбай: «Намаз уақытында шаппаймыз» деп шапқызбай қойыпты. Сол жолда Құнанбай қолмен келе жатқан қазақты жиып алып, құрқұдықтың ішінде кеңесіп, Кенесарыны ұстамауға, қас қылмауға уәделесіпті. Кейін атыс болғанда жуантаяқ Төбет деген батыр Кенесарының қолының бір батырын қуып, найзаламақшы болған екен, соны Құнанбай сабапты» [1, 87 б.]. Бұл дерек Тұрсын Жұртбайдың Кешегі өткен би Құнанбай еңбегінде жазылған. Бұл еңбектен біз Құнанбайдың Кенесарыға деген өшпенділігі болмағанын білеміз. Кенесары сол заманда қазақтың соңғы ханы болған. Халық арасында ханға деген үлкен құрмет қанша ғасырлар бойы таралған. Ханды тек хан өлтіреді деген сенім кең тараған. Адольф Янушкевич «Күнделіктер мен хаттар» атты жазбаларында осы оқиға туралы айтқан. Ұлы жүз Ресей құрамына кіргеннің екінші күнінде Кенесарыны ұстап беру туралы мәлімдеме жасаған Вишневскийге дулат руының елбасы Әли сұлтан Әділұлы: «Біз Абылайдан таралғанбыз. Кенесары да оның әйелдерінің бірінен туған, сондықтан ол бізге қандас. Бірақ бізге оның мінезі қашаннан белгілі. Бұл аш бөрі, қазір келсе де, жүз ауылдың шаңырағын ортасына түсірер еді. Біз оны жақсы көріп, басымызды бірге қоса аламыз ба? Жоқ! Өз атымнан да, халқымның атынан да, біз оған қосылмаймыз, - деп кепілдік беремін. Тағы да біздің ешқайсымыз оған қарсы қару да кеземейміз. Алланың өзі одан безінді. Ол қаңғыбас қарғысқа ұшыраған. Өзінің қарасын өлтіретін адамға ол түбі кезікпей қоймайды. Біздің онда шаруамыз не? Кеше біз адал боламыз деп ант бердік. Біз бұл антты қалжыңға санамаймыз. Әйтсе де, оның мәнісі қалай? Біз өзіміздің қандас туысымыз бен қырқысу үшін емес, Россияға адал болу үшін міндет алдық. Патша маған өз халқыма әмір етуім үшін билік берді ме, немесе, мен Кенесарыны да билеуім керек пе? Мен ол үшін емес, өз жұртым үшін жауаптымын. Біз патшаны жер үстіндегі ең әмірі күшті билеушіге санаймыз. Елсіз иен даланы кезіп жүрген бір бейбақтан оған келер не зиян? Біз одан іргемізді аулақ салдық, халықсыз ол не қылған сұлтан? Бәлкім, ол өзі қазір қырға кеткен болар? Орта ордамен одақ болуымызды қалайтындығымыздың ең тәуір дәлелі - біздің осында келуіміз... Таңым бар, деді ол, қисапсыз жерді иемдене отырып, Кенесарыға ұлтарақтай жерді қимайсыңдар» [3, 174 б.], - деп жауап берген. Бірақ, осыған қарамастан Құнанбай Кенесарының көтерілісіне қосылмады. Бұл Құнанбайдың қорқақтығы деп айта алмаймыз Құнанбай Кенесарыны батылдығы мен тапқырлығы үшін құрметтеді. Жалпы Құнанбай мен Кенесарының ұқсастықтары көп болды. Құнанбай да Кенесары секілді батыр адам болған. Бірақ ол қазіргі заманғы батыр емес, ой жүйріктілігі бар көсемдер керек деп ойлады. Көтерілісте жеңу қиынға соғатынын түсінді. Жоңғар шапқыншылығынан азап шеккен қазақты одан ары қинатпай, халықтың өмірін құрбандыққа шалуға қақысы жоқ деп санады. Кенесары қазақ халқын бостандыққа әкелгісі

келді. Абылай хан кезіндегідей үш жүзді біріктіруге ұмтылды. Атасы Абылайдың жолын қуып көрші елдермен бейбіт келісімге келуге тырысты. "...көтеріліс кезінде дала екі партияға ажырады: біріншісі тәуелсіздік үшін күрессе, екіншісі патша билігін мойындады" [2, 36 б.], - деп жазды Янушкевич өз күнделігінде. Архив деректері бойынша «Кенесарының бүлігін басуға қатысқаны және патша ағзамға ерекше сенімді қызметі үшін» 1846 жылы 4 маусым күні Құнанбайға хорунжий әскери шені берілген - делінген. Бұл бойынша Құнанбай патшаны мойындаған болып көрінгенімен, М.Әуезовтың келтірген деректеріне қарасақ Құнанбай Кенесарыға жау болмаған. Екеуінің де мақсаты бір тәуелсіздік үшін болды. Тек сол мақсатқа жетер таңдаған жолдары әртүрлі болды.

«Қазақ қоғамының феодал басшы тобы құрылымында және құрамында болған өзгерістер патша өкіметінің отарлау саясатының ықпалымен болды деу керек. Патша өкіметі Қазақстанды жаулап ала отырып, қазақ феодалдарын өзіне бағындырды және олардың қырды басқару саласындағы құқығын шектеп, сонымен бір мезгілде еңбекшілерді қадаудың феодалдық әдістерін заңдастырды. Феодал басшы тобының отарлаушылар аппаратымен жымдасуы нақ осы негізде болған еді, соның салдарынан еңбекші қазақтардың екі жақтан бірдей езгі көруі күшейе түсті» [4, 356 б.]. Ол кезде Құнанбай Қазақ облысындағы Ресей империясының билеушісі болып тағайындалды. Ол жергілікті халықты бағындырудың және оларды өз билігін қабылдауға мәжбүрлеп отырды. Яғни, Құнанбайдың қатігездігі екеуінің арасында жаулық сезімін тудырды деген ойлар да қалыптасқан.

Біздің мақаламыз Кенесары мен Құнанбай арасында расымен жауластық болып, әлде болмағаны туралы сұрақты зерттеуіне байланысты жазылды. Бұл оқиғаны Құнанбай мен Кенесары туралы жазылған зерттеулер мен кітаптарды ескере отырып, келесідей жаңашыл тұжырымдарды қорытуға болады:

- Ресми дворяндық-буржуазиялық орыс тарихнамасының өкілдері Кенесарының Сырым мен Исатай батырлар сияқты “бұзық”, “қарақшы” деп жеккөрінішті бағалармен сипаттады. Құнанбай патшаны мойындап Кенесарыға қарсы шықты деп айтамыз. Құнанбайдың бұл ісінің астары Кенесарының өзіне қосылмаған руларға қысым көрсетуіне іштей наразы бола отырып жасаған ісі деп ойлаймыз.

- Орыс тарихнамасында Абылайдың немересін “айлакер, парасатты саясатшыл, қайраткер” ретінде жоғары бағалайтын деректер де кездеседі. Дегенмен де, Кенесары қазақ халқында бозторғай ұялаған кезге қайтып келіп, хандық билікті қалпына келтіріп, көтерілістен жеңілсе де үш жүздің басын қосуды көздеген деген ой қалыптастыруға болады. Құнанбай да оның осы қасиетін бағалап, патша үкіметіне қарсы батылдығына құрметпен қарағанын тарихшылардың деректерінен білеміз.

- Құнанбай мен Кенесарының қарым-қатынасы туралы нақты дерек жоқ. Екеуінің бір-бірімен хат алмасқаны жайлы мәліметтерді кездестірмейміз. Басым деректерді алып қарайтын болсақ, екеуінің арасында жауластық болды деп айтуға келмейді. Тарихта өшпес із қалдырған осы екі адам қазақ халқының тәуелсіздікте өмір сүруін қалады. Бірақ, осы ойларын жүзеге асыру үшін олар екі түрлі жолды таңдады.

Пайдаланылған әдебиеттер мен деректер тізімі

1. Жұртбай Т. Кешегі өткен би Құнанбай - Нұр-Сұлтан:-Л. Н. Гумилев ат. ЕҰУ, 2020. - 414 б.
2. Қасымбаев Ж. Кенесары хан саясатшы және қолбасшы. Алматы: Қазақстан, 1993. - 108 б.
3. Янушкевич А. Дневники и письма из путешествия по казахским степям - Павлодар 2006. 382 б.
4. Бекмаханов Е. Қазақстан XIX ғасырдың 20-40 жылдарында. Алматы: Санат 1994. 413 б.